

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауының кандидаттарына үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы бойынша орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 71 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 9 наурызда № 3-4-109 тіркелді. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданының әкімінің 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 02-1710 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданының әкімінің 2011.12.27 № 02-1710 Хатымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабын басшылыққа ала отырып Байғанин ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Байғанин аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауының барлық кандидаттарына үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы бойынша орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Селолық округ әкімдері үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін белгіленген орындары стендтермен, тақталармен, тұрғылықтарымен **ж а р а қ т а н д ы р с ы н .**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **А . А м а н ғ о с қ а** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

А у д а н ә к і м і : Б . К е м е ш о в

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы
1 наурыздағы № 71 қаулысына
ҚОСЫМША

Кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындар

№	Селолық округтер, елді мекендер	Орналасу орны	Саны
Қарауылкелді ауылдық округі бойынша			
1	Қарауылкелді селосы	Аудандық қазынашылық үйінің жанында	1
		"Қазақтелеком" мекемесінің жанында	1
2	Көкбұлақ ауылы	Клубтың жасында	1
3	Қосарал ауылы	ФАП-тың жанында	1
4	Қазақстан ауылы	ФАП-тың жанында	1
Жаңажол селолық округі бойынша			
5	Оймауыт ауылы	Клубтың жанында	1
Жарқамыс селолық округі бойынша			
6	Жарқамыс ауылы	Мектептің жанында	1
7	Ақтам ауылы	ФАП-тың жанында	1
8	Қаражар ауылы	Мектептің жанында	1
Қопа селолық округі бойынша			
9	Ебейті ауылы	Мектептің жанында	1
10	Қопа ауылы	Кітапхананың жасында	1
11	Айрық ауылы	Мектептің алдында	1
12	Көптоғай ауылы	Орталық көшеде	1
Ащы селолық округі бойынша			
13	Ноғайты ауылы	Орталық көшедегі тұрғын халыққа қызмет көрсету орталығы ғимаратының қарсы беті	1
Сартоғай селолық округі бойынша			
14	Алтай батыр ауылы	Мектептің жанында	1

15	Баршақұм ауылы	Мектептің жанында	1
16	Шұқырши ауылы	Мектептің жанында	1
Көлтабан селолық округі бойынша			
17	Қораши ауылы	Мектептің жанында	1
18	Жарлы селосы	Сауда үйінің алдында	1
19	Жыңғылдытоғай	Мектептің жанында	1
Қызылбұлақ селолық округі бойынша			
20	Кемерши ауылы	Мектептің қасында	1
21	Бұлақтыкөл ауылы	Кітапхананың жанында	1
22	Жаңатаң ауылы	Кітапхананың жанында	1
Миялы селолық округі бойынша			
23	Миялы ауылы	Клуб үйі жанында	1
24	Дияр ауылы	Клубтың жасында	1
25	Бесбай ауылы	Орталық көшеде	1